

Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылы тіркеуге алуды жүргізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 16 қаңтарда N 5-17-161 тіркелді. Күші жойылды (Ұлан ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 07 мамырдағы N 04/04-20-1940 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Ұлан ауданы әкімі аппаратының 2012.05.07 N 04/04-20-1940 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының әкімі **Ш Е Ш Т І :**

1. Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылдың қаңтар–наурыз айларында тіркеуге алу жүргізілсін және ұйымдастырылсын.

2. Тіркеуге алуды жүргізу кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Ұлан ауданының медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын директорына (Ж. Бухатов):

1) медициналық комиссияны маман–дәрігерлермен, орта дәрігерлік мамандармен, қажетті жабдықтармен, құрал–саймандармен және дәрі дәрмектермен жасақтау;

2) әскерге шақырылуға дейінгілерді стационарлық тексеру және емдеу үшін ауданның медициналық мекемелерінде қажетті төсек орын санының бөлінуін қамтамасыз ету;

3) тіркеуге алу аяқталғаннан кейін әскерге шақырылуға дейінгілерді емдеу үшін маман–дәрігерлерді тағайындау;

4) 2012 жылы тіркеуге алынатын азаматтарды емдеу және медициналық

куәландыруды өткізетін емдеу мекемесін анықтау ұсынылсын.

4. Кенттер мен ауылдық округтерінің әкімдері әскери–есеп үстелінің мамандары мен оқу орындарының әскери басшыларының ілесуімен жасөспірімдердің тіркеуге алу комиссиясына уақытында келуі мен күні туралы х а б а р л а у д ы қ а м т а м а с с ы з е т с і н .

5. «Шығыс Қазақстан облысының ішкі істер Департаментінің Ұлан аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Т. Закирьянов) медициналық комиссия жұмысы кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының хабарландыруы бойынша тіркеуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің, шақыру учаскесіне жеткізуге көмек көрсету ұ с ы н ы л с ы н .

6. «Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Б. Саниязов) «Ұлан ауданның білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (К. Окасов) тіркеуге алу кезеңінде әскери–оқу орындарына кандидаттарды іріктеуді жүргізу ұсынылсын.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. М у с и н г е жү к т е л с і н .

8. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Ұлан ауданының әкімі

Ж. Муратов

Келісілген:

А у д а н д ы қ қ о р ғ а н ы с і с т е р і

жөніндегі бөлім бастығы

Б. Саниязов

29.12.2011 ж.

Ұ л а н а у д а н ы н ы ң і ш к і

істер бөлімінің бастығы

Т. Закирьянов

29.12.2011 ж.

« Ұ л а н а у д а н ы н ы ң

м е д и ц и н а л ы қ б і р л е с т і г і »

КМҚК директоры

Ж. Бухатов

29.12.2011 ж.

Ұ л а н

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і ң

2011 жылғы

29

желтоқсан

№

10

шешімінің қосымшасы

**Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру
учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек**

жынысты азаматтарды 2012 жылы тіркеуге алуды жүргізу туралы КЕСТЕСІ

№	Ауылдық, кенттік округтер	Саны	31.01.2012	01.02.2012	03.02.2012	07.02.2012	08.02.2012	09.02.2012	10.02.2012
1	Аблакет	25		25					
2	Азов	5				5			
3	Айыртау	14							14
4	Алмасай	8							8
5	Асу-Бұлақ	12	12						
6	Багратион	12				12			
7	Белогор	4	4						
8	Бозанбай	20			20				
9	Гагарин	6				6			
10	Егінсу	5							5
11	Каменка	7					7		
12	Молодежный	16							16
13	Огневка	4	4						
14	Саратовка	13						13	
15	Таврия	31					31		
16	Тарғын	8	8						
17	Толеген-Тохтаров	14					14		
18	Өскемен	12						12	
	Барлығы:	216	28	25	20	23	52	25	43

Ұ л а н а у д а н ы ә к і м і

А. Рамазанов

аппаратының басшысы